

ӘОЖ 336.741.28

¹Г.Қ. Шуланбекова*, ²А.Қ. Ауғанбай

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің кеден,
қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, бакалавриат,
Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: gul15-73@mail.ru

Мал шаруашылығы – азық-түлік қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде

Мақаланың мақсатына сәйкес елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің, оның ішінде мал шаруашылығының жағдайы зерттелген. Әлемдік деңгейде өзекті проблемалардың біріне айналып отырған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Қазақстан тарапынан қабылданған шараларға, мәселенің қазіргі жай-күйіне, болашағына қатысты қоғамдық және ғылыми пікірлерді талдау қажет. Өзіміздің байырғы мал тұқымдарын көбейту арқылы ауыл шаруашылығында, азық-түлік қауіпсіздігін қорғау мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, мал шаруашылығы, үйірлі жылқы шаруашылығы.

G.K. Shulanbekova, A.K. Auginbay

Animal husbandry – as part of food security

In article it is considered a food safety, including country animal husbandry. To analyse measures accepted by Kazakhstan, state of problem on this day and in tomorrow, public opinion in the field of food safety that becomes world problem. It is Advantageous to use the natural state Kazakh earth. it is Advantageous to use the natural state Kazakh earth. That agricultural to the products 40% made is GDP, fully to provide people by quality food, to use everything climate to possibility.

Keywords: food safety, animal husbandry, konyachny economy of the hinny.

Г.К. Шуланбекова, А.Қ. Ауғанбай

Живодноводство – часть продовольственной безопасности

В статье рассмотрена продовольственная безопасность, в том числе живодноводство и его состояние в стране. Анализировать меры, принимаемые Казахстаном, сегодняшнего состояния проблемы и в будущем, общественное мнение в сфере продовольственной безопасности, которая становится всемирным проблемом. Выгодно использовать природного состояния казахского земли.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, живодноводство, косячное хозяйство лошака.

Мал шаруашылығы қазақ үшін жат шаруашылық емес. Ата-бабамыз ерте кезден бері отырықшы мал шаруашылығымен айналысқан. Мал өсіру күн-көрістің негізгі көзі болған, басқаша айтқанда, азық-түлігі мал өнімдерімен

қамтамасыз етіліп отырған. Ал қазіргі кездегі қазақтардың азық-түлігі немен қамтамасыз етіліп отыр, оның сапасы қандай? Осындай мал шаруашылығының даму тарихымен аграрлық сала, оның ішінде мал шаруашылығы,

ел экономикасының локомотиві болуы үшін барлық мүмкіндіктер бар. Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы. Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.) ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары, дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді заттар алынады. Мал шаруашылығы салаларына сиыр, қой, ешкі, жылқы және түйе шаруашылықтары жатады. Ірі қара өсіру қоңыржай белдеудің табиғи және мәдени жайылымдармен жақсы қамтамасыз етілген орман, орманды дала, дала аймақтарында жақсы жолға қойылған.

Қазақстанның алдағы уақытта ДСҰ-ға кіретініне байланысты ауыл шаруашылық өнімдері мен өңделген өнімдердің отандық стандарттары халықаралық ережелерге сай болуына көп көңіл бөлініп отыр.

Мал дәрігерлік ғылымының алдында мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты мынадай екі маңызды мәселе тұр:

– мал шаруашылығының ветеринарлық-санитарлық деңгейінің әрдайым өсіп отыруына ықпал ету;

– денсаулыққа қауіп туғызатын заттар мен микроағзаларды анықтаудың оңай және арзан әдістерін жасау.

Азық-түлік қауіпсіздігі қай елдің болмасын тәуелсіздігінің, еркін дамуы мен халқының әл-ауқатының артуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің дамуына тереңірек талдау жасасақ әлі де шешілмей жатқан мәселелердің жеткілікті екенін аңғаруға болады. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту алдағы кездегі басты бағыттардың бірі екенін көрсете келе, елімізде ет өндірісінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны белсендірек жүргізу қажеттігін атап өтті. Ол үшін етті мал шаруашылығын дамытып, 2016 жылы ет экс-

портын 60 мың тоннаға жеткізуіміз керек. Бұл міндетті ойдағыдай орындаудың негізгі алғышарттарының бірі мал тұқымын асылдандыру болып табылады. Ғылыми негіздерге сүйенсек ет, сүт өнімдерін мол әрі сапалы өндіру үшін асыл тұқымды мал басының үлесі 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Сапалы және арзан ет өнімдерін өндірудің алғышарттарының бірі мал өнімдерінің өзіндік құнының 40-45 пайызын құрайтын мал азығының берік жем-шөп қорын жасақтау болып табылады. Ол үшін жемдік астық дақылдарының көлемін ұлғайтып, елімізде мемлекеттік жемдік астық қорын жасақтап, мал азығының сапасы мен құнарлылығын арттыру үшін құрамажем өндірісін жолға қоюымыз керек. Етті ірі қара мал, қой мен жылқы шаруашылығын дамытып, арзан да сапалы, экологиялық таза мал өнімдерін өндіру үшін жыл сайын миллиондаған гектар табиғи жайылымды игеру қажет.

Нақ қазір біздің Үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі – агроөнеркәсіпті, оның ішінде мал шаруашылығы саласын кешенді түрде дамыту болып тұр.

Жалпы, Үкіметтің «Мал шаруашылығын дамытпай, экономикамызды өркендете алмаймыз» деп үн қатуы мұң екен, еліміздегі игі жақсылардың да назары осы салаға ауа бастады. Бүгінде бабын келістіргендердің дені мал басын көбейтуді жөн санап-ақ жүр.

Әйтсе де қазір кеңестік кезеңдегідей мал басын жоспарлап көбейтудің ауылы келмеске кеткен. Қазірде сонау 30-жылдардан бері өзіндік құнын төмендетпеген қазақтың еділбай қойы, қылшықты қойы, биязы жүнді қойларының тұқымы ұсақталып, өрісіміз тарылып, асыл тұқымды мал алудың тетігін таба алмай жүргеніміз жасырын емес. Ал Голландия, Германия, Норвегия, Австралия тәрізді елдер мал басын асылдандырып, халықаралық ветеринария ұйымының алдында бедел жинап үлгергелі қашан?! Осындайда «ежелден мал өсіру қанында бар мал баққан қазақтың жоғары межеден көріне алмауына не себеп?» деген сауал еріксіз туындайды.

Рас, біз нарықтық қағидаттарды алғаш көңілге түйе бастаған тұста Австралиядан, Англиядан асыл тұқымды қошқарлар алдырып, асылдандыру арқылы мал басын көбейтпекші болдық. Бірақ ұшақпен алдырып, «ұшаққа шығарады» деген сол қошқарлар үмітімізді ақтамады. «Ақыр

соңында австралиялық қошқарлар қазақы ортаға бейімделе алмады. Оларды қазақы қойлармен будандастырғанда жақсы нәтиже бермеді» деген пікірлер қаулап қоя берді. Сөйтіп, мал басын асылдандыруда жолы болғандардың саны болар-болмашы көрсеткішке ғана жетті. Не істеу керек? Ал енді болашақта бұл проблемалар өзіндік шешімін табу үшін нендей шаралар қолданған жөн?

Соңғы уақытта осы мал басын асылдандыруға қатысты еліміздің генетиктері «1999-2000 жылдардағыдай шетелден асыл тұқымды малдың өзін алдырғаннан гөрі олардың мұздатылған эмбриондарын алу арзан әрі өте тиімді» дегенді жиі қаулап жүр. Мамандардың есебінше, өзге елдің асыл тұқымды бір қошқары 3000 долларды құрайды. Ал олардың эмбриондарын сатып алу бұдан әлдеқайда арзан. Сондықтан шетелден қошқар тасып әуре болғанша, олардың қатырылған эмбриондарын әкелу әлдеқайда тиімді.

Бұл ретте Эксперименталды биологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры Мәкен Тойшыбеков: «Логикалық түрде ойлап қарасақ, бұл ұсыныстардың жаны бар. Біз осы әдісті өз институтымызда тәжірибемизде қолданып көрдік. Шүкір, мұздатылған эмбриондарынан тұқым алу үрдерісінің нәтижесі оңтайлы болды. Сол асыл тұқымды ағылшын қошқарларының эмбриондарын алып, оларды Еділбай қойына салып көрдік. Нәтижесінде қазақы ортаға бейімделген сапалы тұқым алуға мүмкіндік туды. Біз осы әдіс арқылы бүгінде 52 қозы алып отырмыз. Асыл тұқымды малды көбейту де таптырмайтын әдіс. Сондықтан мал басын асылдандыруда оны тереңдете білгеніміз жөн», – дейді.

Жалпы, мамандар асыл тұқымды қошқарлардың өзін емес, эмбриондарын елге әкелу бірқатар табыс әкелетініне сенімді. Осы ретте еліміздегі Мал шаруашылығы институтының мамандары да былай деп пікір білдірді:

а) біріншіден, ұшақпен мал басын тасығаннан, эмбриондар әкелген әлдеқайда тиімді және шығыны аз;

ә) екіншіден, эмбриондарды еділбай қойының жатырына көптеп салу арқылы егіздетіп төл алуға мүмкіндік бар;

в) егер бұл тәсілді тереңінен жетілдіре алсақ, уақыт өте келе қойды клондау әдісін де меңгеруге мүмкіндік тумак;

г) бұл әдіс арқылы ғылымның әлеуетін көтеруге де болады.

Егер ғылыми тұрғыда зерттей алсақ, малдың эмбриондарын зерттеу арқылы адам ағзасында болатын ауытқулар мен өзгерістерді де сұрыптап, електен өткізуге болады. Міне, мамандардың пайымдауынша, елге асыл тұқымды малдардың эмбриондарын әкеліп, істің ебін таба білсек, біршама мәселенің түйіні шешілер еді. Ал енді осы істің оңтайлы бағытқа бет бұруына не кедергі? Бұл жайында Мал шаруашылығы және ветеринария институтының бас маманы Мархабат Батырханов: «Малды асылдандырудың бірінші сатысы технологиялық жоба арқылы жүреді. Бұл тәжірибемен қатар мінсіз технология да қажет екенін білдірсе керек. Біз былтырдан бері шетелден асыл тұқымды малдардың эмбриондарын әкеліп, оны отандық мал басымен шағылыстыру арқылы мал санын біршама арттырдық. Бұл жетістікке қолымыз жеткенімен, эмбриондардың құрамын анықтауда әлі де болса кібіртіктеп жатқан жайымыз бар. Себебі бізде биотехнологиялық құралдар жағы әлі де болса жетіспеушілік танытуда. Негізінен, асыл тұқымды мал алудың тетігін терең меңгере алмай жатқанының бір себебі, біз осы уақытқа дейін халықаралық ветеринария ұйымына мүше болуға пейіл білдірмедік. Егер біз аталмыш халықаралық ветеринария ұйымына дер кезінде мүшелікке өткенде шетелден асыл тұқымды мал басын алдыруда, асыл тұқымды эмбриондар тасымалдауда, қуатты технологияларға сұраныс берерде біршама жеңілдіктерге қол жеткізер едік. Біздің мал шаруашылығы саласын өркендетудегі бір кемшін тұсымыз осы. Аталған кедергілер шешілгенде ғана осы саладағы мәселелер шешімін табады», – дейді.

Қалай десек те, қазақ баласы «малым – жанымның садағасы» деген қағидамен күн кешті. Жаугершілік заманында да өрісін тарылтпауға, өзегін талдырмауға тырысқан қазақ баласы мал қадірін ұғынған халық. Өркениеттілікке бір табан жақындап, дамушы елдердің қатарына қосылуды көксеген ұлтымыз ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы саласының жөні бөлек екендігін ескерусіз қалдырмасы анық. Десек те біз әлі де болса көршілерімізден ет-сүт

өнімдерін «сұраудан» жалықпай келеміз. Тіпті осы осалдығымыздың аңысын баққан қайсыбір көршілеріміз сапалы-сапасыз өнімдерін елімізге тоғытып-ақ жатыр. Ал бұл үдеріс бізге осы салаға деген реттеу мен бақылауды нығайта түсу қажеттігін меңзейтіндей.

Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау алдағы кезде ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін кредиттеуді кепілдендіру, лизинг бағдарламаларын арзандату, шаруаларды қаржыландырудың балама жолдарын инвестициялауды экономикалық ынталандыру шараларын қарастыру керек. Отандық агроөнеркәсіп кешенін тиімді, бәсекеге қабілетті деңгейде дамыту үшін алдағы кезде, жыл сайын орта есеппен 250-300 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінуі керек. Осы тұрғыдан алғанда отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді қаржыландыру өте өзекті мәселе екені айқын. Сондықтан ауылда агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды күшейтудің негізгі бағыттарының бірі – ауылшаруашылығы банкіні ашу. Өйткені ауылда республика халқының 46 пайызы тұрады. 200 мыңға жуық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінен басқа білім, денсаулық, мәдениет, спорт тағы басқа салада жұмыс істейтін кәсіпкерлер бар. Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы банк клиенттерінің саны 1 миллионнан асады. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттырып, бюджетке қомақты қаржы түсіру, осының бәрі ауылда ауыл шаруашылығы банкі керек екенін дәлелдей түседі.

Біз Беларусь, Ресей мемлекеттерімен Біртұтас экономикалық кеңістікте жұмыс

істеуге кірістік, олай болса, онда жұмыс істеп жатқан отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне қолайлы жағдайлар жасалуы тиіс. Ресей мен Беларусь шаруаларына жері мен мүлкін кепілдікке алып, ұзақ мерзімге, арзан несие беретін, бөлімшелері барлық аудан, қалаларда орналасқан агробанктер жұмыс істейді. Бізде де шаруаларға қолайлы жағдай жасайтын осындай банк болуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін біз тұрақты түрде жаңа инновациялық технологияларды ендіріп отыруымыз керек. Соңғы жылдары өсімдік шаруашылығына нөлдік ылғал сақтау, тамшылатып суару сияқты жоғары сапалы өнімді қамтамасыз ететін технологиялар ендіріліп, олар өзінің жемісін беруде. Қазіргі кездегі біздің алдымызда негізгі шешілуі тиіс мәселелер:

1) мал шаруашылығын дамыту және ветеринария саласында мемлекеттің бірыңғай саясатын айқындауымыз;

2) азықтық өнімдердің қауіпсіздігі және малдардың жай-күйін қамтамасыз етуде, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулердің мемлекеттік тапсырысында, асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласында мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу қажет;

3) мал шаруашылығы және ветеринарияны кадрлық, ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету саясатын дайындау;

4) мал шаруашылығы, ветеринария саласында халықаралық қарым-қатынастың және Қазақстан Республикасын халықаралық ұйымдарда таныстыруда, КО, ЕурАзЭҚ, ТМД, ДСҰ және ХЭБ шегінде ветеринарлық ұйымдарды қосқанда басымдылықты анықтау.

Әдебиеттер

1 «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Заңы.

2 Абалкин Л. Экономическая безопасность: угрозы и их отражение, 1994-234 стр.

3 <http://kk.wikipedia.org/wiki/>

4 Абдильдина Л.И., Бельгибаев К.М. «Ауыл шаруашылығы экономикасы», – Алматы: Қайнар, 1996. – 608 с.

5 Налиболлаұлы Н. Үйірлі жылқы шаруашылығы ұлттық технологияны дамытудың баламасыз жолы// <http://www.egemen.kz/2012/10/23/348528/>.

References

- 1 «Asul tykumdu mal sharyashulugu turaly Kazakhstan Respyblikasynyn 1998 julgu 9 shyldedegy № 278 Zanu7
- 2 Abalkin L. Ekonomicheskaiy bezopasnost: ugrozu I ikh otrazhenie, 1994-234 str.
- 3 <http://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 4 Abdildina L.I., K.M. Bel'gibaev «Auyl sharuashylygy ekonomikasu», – Almaty: Kainar, 1996. – 608 str.
- 5 Nalibollauly N. Uiirli julku sharuashylygy ulttyk tenologianu damytudyn balamasyz jolu// <http://www.egemen.kz/2012/10/23/348528/>.